

Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының шешімін жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 20 қарашадағы N 1575

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі N 355 өкіміне және Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының 1995 жылғы 26 қазандағы шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті қаржы-экономикалық сауығу келешегінің жоқтығына байланысты және "Таратуға ұсынылған мемлекеттік кәсіпорындарды, мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерін іріктеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 652 қаулысымен

P950652_

белгіленген тәртіпке сәйкес акционерлік қоғамдардың жалпы жиналыстарында, қосымшаға сәйкес, шаруашылық серіктестіктерді тарату туралы мәселені шешсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 20 қарашадағы
N 1575 қаулысына
қосымша

Таратылатын төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың
/дәрменсіз борышкерлердің/ тізбесі

"Мәншүк" АҚ, Ақмола облысы;
"Химпласт" АҚ, Ақтөбе облысы;

<*>

<*>

"Алькор" АҚ, Шығыс Қазақстан облысы;
"Уральскагрореммаш" АҚ, Батыс Қазақстан облысы;

<*>

"Карбон" АҚ, Қостанай облысы;
"Қуатты" АҚ, Қостанай облысы;

<*>

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.10.08.
N 1242 қаулысымен.
P961242_